

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Қ. ТОҚАЕВТЫҢ РЕСЕЙГЕ РЕСМИ САПАРЫ



3 сәуір күні Кремльде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин кездесті. Екі жақ шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіп, өзара әріптестік және сауда-саттық мәселесіне тоқталды. Владимир Путин өз сөзінде: «Қасым-Жомарт Кемелұлы сізді Ресейде қарсы алғанымға қуаныштымын. Біз бұрыннан жақсы таныспыз. Дегенмен, мемлекет басшысы ретінде алғаш рет келіп отырсыз. Сізді жоғары лауазымыды қызметке кірісуіңізбен құттықтаймын. Арадағы байланыстың қай деңгейде екенін жақсы білесіз. Әрине оның бәрі Тұңғыш Президенттеріңіздің арқасы. Екі жақты қарым-қатынас және халықаралық ұйымдар аясында зор жетістіктерге жетіп келеміз. Бұл кездесу осы бағытта өз септігін тигізуі тиіс» деді.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сізге бұл сапардың жедел ұйымдастырылуына атсалысқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Сізге алдымен Елбасының сәлемін жеткізгім келеді. Дұрыс атап өттіңіз, Тұңғыш Президент Қазақстан-Ресей байланысын дамытуға қосқан үлесі зор. Біз қазір одақтастық ұғымын жақсы білеміз. Екі ел арасындағы әріптестік жөніндегі құжат осы

бағытта өз септігін тигізіп келеді. Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, байланысымыз озық үлгіде. Менің міндетім сол істі жалғастыру. Бұл жолда қолдан келгеннің бәрін жасаймын. Дәл осындай қарым-қатынас ұлттық мүдделерімізге де сай келеді. Алдағы уақытта қолға алынуы тиіс шаруалар көп» - деп мәлімдеді.

ӨЗБЕКСТАН БЕЛОРУСЬКЕ АВТОМОБИЛЬДЕР САТА БАСТАДЫ



3 сәуір күні GM Uzbekistan компаниясы Беларуське автомобиль экспортын бастады. Беларуське автокөліктердің Nexia R3 және R4 моделдері жеткізілмек. Әзірше келісімшарт туралы жан-жақты ақпарат жоқ. Осы жылы GM Uzbekistan өз көліктерін Ауғанстан мен Тәжікстанға экспорттаған болатын. Сондай-ақ Өзбекстанда жасалған көліктер Қазақстанда да сатылып жатыр.

ТҮРКИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ БАНКІ ӨЗ РЕЗЕРВТЕРІН КӨБЕЙТПЕК



Центральный банк Турции заявил, что намерен увеличить свои резервы после публикации данных, свидетельствующих о заметном снижении его запасов иностранной валюты.

Түркияның Орталық банкі өз резервтерін ұлғайтатыны жөнінде мәлімдеді. Бұл ақпарат Орталық банктің шет ел валютасындағы қорлары азайды деген мәлімет тараған соң белгілі болды. Екі апта ішінде бұл көрсеткіш 6,3 миллиард АҚШ долларына азайған. Бұл өз кезегінде Орталық банк түрік лирасының құнын түсірмей ұстап тұру үшін өз резервтерін пайдаланып жатыр деген тұспалдың тарап кетуіне себеп болған еді. Экономистердің айтуынша Орталық банк осы мәселеге баса назар аударып, өз резервтерін ұлғайту туралы шешім шығарған.

2018 ЖЫЛЫ ҚЫРҒЫЗСТАНҒА 7 МИЛИОННАН АСА ШЕТЕЛДІК КЕЛГЕН



2018 жылы Қырғыз шекарасынан елге кірген шетел азаматтарының саны 7 миллионнан асқан. Бұл 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда бір жарым есе көп. Бұл мәліметті Қырғызстанның Ұлттық статистикалық комитеті таратып отыр.

Туризм саласы елдегі ІЖӨ 5 пайызын құрап, 27 миллиард қырғыз сомына жеткен. 2018 жылы туристерді қабылдау ісімен 486 мекеме айналысқан. Олардың 187 арнайы демалыс орындары, 185 қонақ үйі, 64 турфирма мен туроператор, 9 табиғи парк және 40 астам басқа да туристік нысан. Қырғызстанда 2018 жылы 1,4 миллион адам демалған. Бұл былтырғы көрсеткішпен бірдей. Туристердің ең көп бөлігі, яғни 900 мың адам Ыстық көл облысына келген.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ӘЗЕРБАЙЖАНДА 34 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСҚАН



2019 жылдың алғашқы үш айында Әзербайжанда Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің көмегінің арқасында 33969 адам жұмысқа орналасқан. Еңбекпен қамтылған жұмысқа зәру азаматтардың 8826 жастар, 281 мүгедек жандар және 1876 тұрғылықты жерінен көшуге мәжбүр болған азаматтар. Биыл Әзербайжанда былтырғымен салыстырғанда жұмыспен қамтамасыз етілгендердің саны 13,2 пайызға көп. Бұған қоса биыл ақысы төленетін қоғамдық жұмыстарға да «Жұмыссыздың досы» бағдарламасы аясында 29404 адам тартылған. Олардың әрқайсымен еңбек келісімшарты жасалған.